



Ақтөбе университеті



argugazeti@mail.ru

№ 09 (385) 15 мамыр 2016 ж

1996 жылдан бастап шыға бастады

"Ақтөбе Университеті" Газеті

АРГУ им. К.Жұбанова

+7 7132 241 831

1 МАМЫР - ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ



Көктің иісін мүңкітіп, теректерге гүл таға келетін көктемнің шырайлы мейрамының бірі – Қазақстан халқының бірлігі күні. Бұл күні халқымыздың достығы мен өзара түсіністігі нығайып, еліміздегі ұлтаралық татулық беки түседі.

Береке мен бірліктің бастауына айналған осы мереке еліміз бойынша кең көлемде атап өтіледі. Халық бірлігі мерекесі күні елімізді мекендеген халықтардың салт-дәстүрі мен мәдениетін дәріптеп, ұлттар татулығын паш етті. 1 мамыр күні Достық алаңы елкеміздің қоныс еткен ұлттар және олардың дәстүрін, салтын бейнелеген тұрғындармен толды. Әр жерден кеңілді дауыстар естіліп, мерекелік кеңіл – күй бірден байқалады. Мәдениет үйі алдындағы субұрқас суы кекке шапшып, мерекеге өсемдік сыйлады.

Бірлігіміз жарасып, еліміз тыныш болып, татулықта, бейбіт емірде күн кешейік, достар! 1 мамыр құтты болсын!

9 МАМЫР ОТАН ҮШІН ОТҚА ТҮСКЕН АТА-БАБАЛАРЫМЫЗДЫҢ ЖЕҢІС ТУЫН КӨККЕ ЖЕЛБІРЕТКЕН КҮНІ

Құрметті әріптестер, отандастар Сіздерді 7 Мамыр – Қазақстан Қарулы күштері күнімен, сонымен бірге осы мерекемен тұстас келіп отырған Жеңіс күнімен баршаңызды құттықтаймын. Көктемнің мамыражай айы мамыр айының алғашқы күндеріне сәйкес келетін бұл қос мерекенің де орны ерекше. 7 мамыр - егемен еліміздің қарулы күштерінің мерейін асқақтатын, болашақ ел қорғайтын асыл азаматтарымыздың мейрамы десек, 9 мамыр Отан үшін отқа түскен ата-бабаларымыздың жеңіс туын көкке желбіреткен күні.

Қазақстан қарулы күштері күнінің мемлекетіміздің болашағы үшін маңыздылығы жоғары, себебі әрбір қазақстандықтың ұлы да, құрметті міндеті – Отан қорғау. Ел - халқына шатшадыман күлкі мен тыныш өмір сыйлауда әскеріміздің атқарып жатқан қызметтері ұшан-теңіз. Армиямыздың айбынын асқақтататын сардарлар мен сарбаздарымызға қандай құрмет көрсетсек те жарасады. Жақында ғана АҚШ астанасы Вашингтонда еткен ядролық қауіпсіздік жөніндегі төртінші саммит шеңберінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Әлем. ХХІ ғасыр» манифесті жария етілгені баршамызға мәлім. Елбасы үндеуінен ел тыныштығын, халықтың бірлігін сақтау бүгінгі күннің ең басты міндеттерінің бірі екенін аңғаруға болады. Сондықтан да биыл жеңіске жеткенімізге 71 жыл болғанына тәубе етіп, ең бастысы елімізді тыныштық, бірлік, бейбітшілік болсын дегім келеді.

Қазақстанымыздың жарқын болашағы жастарды тәрбиелеп отырған қара шаңырақ ретінде ел бірлігін сақтап, саналы ұрпақ тәрбиелеуде біздің де қосар үлесіміз орасан зор екені айқын.

Ер азамат ағаларымызға амандық, денсаулық тілеймін. Еңселеріңіз биік, мерейлеріңіз үстем болсын Отанға адағ елге қайырымды, отбасына мейірімді болыңыздар. Қазақстанның барлық халқына ашық аспан, есіп-еркөңдеу мен бақ-бөреке, Отанымыз – Қазақстан Республикасының игілігі үшін жаңа жетістіктер тілеймін.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Университет ректоры Кенжеғали КЕНЖЕБАЕВ



ЕЛБАСЫ ТУРАЛЫ ТУЫНДЫ - «ЖҰЛДЫЗДАР ТОҒЫСҚАНДА»



29 сәуір күні «Локомотив» кинотеатрында Қ.Жұбанов АӨМУ басшысы Кенжеғали Кенжебаевпен бірге студенттер мен оқытушылар «Жұлдыздар Тоғысқанда» атты кинолентаны тамашалады.

Фильмнің режиссері Ресейлік Сергей Снежкин.

Фильм басы ағылшын жазушысы Джереми Вильсон Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өмірбаянын жазу үшін кездесуге келеді. Бірақ кинотуынды жай ғана интервью ретінде көрсетілмей, шетелдік журналист пен Елбасының сұхбаты үлкен саясаттың тарихын тереңдей түскен саяхатқа жалғасқан.

Кинобаяндамада 1984-ші және 1991-ші жылдардағы еліміздегі саяси оқиғалар мен экономикалық кезең сипатталады. Осы жылдар аралығындағы Президенттің өмір жолын, Президент болып сайланғанға дейінгі ел тарихындағы елеулі оқиғаларды бейнелейді.

Фильмдегі тарихи тұлғаларды, КСРО президенті Михаил Горбачев, Ресей президенті Борис Ельцин, АҚШ президенттері – Джордж Буш және Билл Клинтон, Сауд Арабиясының королі Фахд әл-Сауд және Палестина автономиясының басшысы Ясир Арафат сынды әлемге әйгілі мемлекет қайраткерлерінің бейнелерін Игорь Угольников, Сергей Гармаш, Дарья Мороз, Алексей Гуськов, Хью Фрейзер, Ричард Кордери, Стивен Пейси сияқты ресейлік және шетелдік актерлер ойнап шықты.

Елбасының релін М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының белді артисі, танымал кино актері Берік Айтжанов сомдаса, оның ата-анасы релін Еркебұлан Дайыров және Жанәл Мақажанова сынды осы театрдың жас актерлері орындаған.

Кинотуынды керерменнің кеңілінен шықты.

Д. КУЖАХМЕТОВА

ЕЛБАСЫ МАНИФЕСІ БАСТЫ НАЗАРДА

АҚШ астанасы Вашингтонда өткен ядролық қауіпсіздік жөніндегі төртінші саммит шеңберінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Әлем. XXI ғасыр» манифесі жария етілгені баршамызға мәлім. Осыған орай университетімізде талдау бөлімінің ұйымдастыруымен екі күн қатарынан университет профессор-оқытушылар құрамы, белсенді студенттердің қатысуымен Елбасы манифесін кеңінен талқылау, түсіндіру, насихаттау мақсатында дөңгелек үстел өткізілді.

Бірінші күнгі басқосуға университетіміздің тәрбие жұмыстары және әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі проректоры Мұхтар Мирон, жастар саясаты басқармасының басшысы Дариға Исмагамбетова, әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының меңгерушісі Үмбетхан Сәрсембин, Қазақстан Халықтар Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі Нұрбек Нұрғалиев және де факультет декандары, аға кураторлар мен белсенді студенттер қатысты. Алғаш сөз кезеңін алған Мұхтар Орынбасарұлы: «Бұл мәселе ете езекті деп есептейміз. Қазіргі ғылым мен техниканың қарыштап дамыған ғасырында адамзат баласына қауіп теңе бастады. Кейбір елдердің арасындағы қақтығыстар, араздықтар ершіп тұр. Сондықтан да, Елбасы баяндамасының маңызы зор» деген ол бұл манифестің әрі қарай да факультеттер, топтар арасында талқыланып жалғасын тапса деген тілегін айтты. Дөңгелек үстел барысында Үмбетхан Қуандықұлы, Нұрбек Абибуллаұлы, кураторлар кеңесінің төрағасы Алия Базарғалиева, жастар саясаты басқармасының басшысы Дариға Исмагамбетовалар, сондай-ақ, студенттік езін езі басқару басқармасының екілі Нарқозы Қартжан сөз сөйлеп, езі ойларын ортаға салып, пікірлерімен бөлісті.

Бұл үндеуді талқылауға келесі күні тарих ғылымдарының докторы, профессор Нұртаза Ағишанұлы, философия ғылымдарының кандидаты Айжанна Жумина, саясаттану магистрі Орынбасар Мұхитов, сонымен бірге оқытушылар, магистранттар мен студенттер жиналды.



Манифест «Әлем. XXI ғасыр» осы ғасырдағы өмір сүретін және жұмыс істейтін ескелең ұрпақтың тағдырына шынайы алаңдаушылықтан туындап отыр. Біздер, мемлекет басшылары мен саясаткерлер, адамзаттың болашағы үшін зор жауапкершілік арқалап отырмыз. Кептеген тар жол тайғақ кешуден өткен адам, саясаткер ретінде, Семей ядролық полигонын жабу туралы күрделі шешім қабылдаған мемлекет қайраткері ретінде мен әлемдік лидерлер мен бүкіл халықаралық қоғамдастыққа ақыл-парасатқа жүгініндер деген табанды талаппен қайырылып отырмын. Адамзатты ажал сепкен соғыс қатерінен мүлде арылту үшін қолымыздан келгеннің бәрін жасауымыз керек. Біз үшін қазір және таяу болашақта бұдан кекейкесті міндет жоқ», - деген Елбасы үндеуіндегі жігерлі ойлар жиналғандардың ой-пікірімен астасып, тек елімізде бейбітшілік болсын, соғыс болмасын деген тілектерін жеткізді.

Жадыра АРЕН



БІЛІКТІ КОМАНДА ЖҮЛДЕСІ

Алматы қаласындағы Спорт және туризм қазақ академиясы базасында «Дене тәрбиесінің методикасы мен теориясы» пәнінен Республикалық пәндік олимпиада өтті. Аталмыш білім сайысына еліміздің белді жоғары оқу орындарынан 11 команда қатысып, езара бақ сынасты.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Төлген Әміржанұлының ғылыми жетекшілігімен қатысқан біздің университеттің командасы білім сайысы нәтижесінде жүлделі екінші орынды иеленіп оралды. Команда құрамын дене тәрбиесі және спорт мамандығының 3 курс студенттері Данияр Торин, Нұрғиса Нұрлыбаев, Рүстем Елубайлар құрады. Сондай-ақ, жеке сайыста Нұрғиса Нұрлыбаев біліктілігін танытып, үшінші орынды иеленді.

Жеңімпаз студенттерімізді құттықтап, алдағы уақытта биік белестерді бағындыра беругеріне тілектеспіз!

Өз тілшіміз

КУБОК РЕКТОРА – 2016

В преддверии майских праздников профессорско-преподавательский состав АРГУ им. К. Жубанова выступил перед аудиторией студентов и коллег в совершенно ином для себя амплуа. Причиной тому была игра КВН среди сотрудников вуза. Игра была организована профсоюзным комитетом и отделом по работе со студентами и молодежными организациями. «Кубок ректора-2016» и сертификат на 100 000 тенге был разыгран между четырьмя факультетами и двумя институтами.

В первой части, которая по традиции остается «Приветствием», с отличной актерской игрой выступила команда технического факультета «Технарлар». Практически все сценки команды публика принимала с аплодисментами. Команда «Биос», представляющая факультет естествознания, показала интерпретированную игру программы «Айтуға оңай». Особо важно отметить то, как команда института экономики и права «Экономика және құқық институтының оқытушылар құрамасы» оригинально представила районы города Ақтобе. Институт педагогики представила команда «Позитив», физико-математический факультет - команда «АргуФМ» и факультет иностранных языков - «Lady and Тойлыбек». Вторая часть КВН прошла под названием «Фоторазминка».



Все команды были награждены денежными призами и благодарственными письмами. По оценке жюри вышли вперед и разделили призовые места следующие команды: третье место у команды «Экономика және құқық институтының оқытушылар құрамасы», второе получила команда «Биос», обладателем Гран-при и сертификата стала команда «Технарлар». Заместитель декана факультета естествознания Бауыржан Туралин был награжден номинацией «Лучший игрок».

Динара КУЖАХМЕТОВА

ПЕДАГОГТАР ЖИЫНЫ

ЖАҚЫНДА УНИВЕРСИТЕТІМІЗДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК ОРТАЛЫҒЫ АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ФИЛИАЛЫМЕН БІРЛЕСЕ ОТЫРЫП БІЛІМ ОРДАМЫЗДЫҢ 50 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «ПЕДАГОГТЫҢ ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСİNДЕГІ КӘСІПТІК ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ» АТТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТКІЗДІ.



Конференцияның мақсаты ЖОО оқытушыларының, колледж, мектеп мұғалімдерінің және Ақтөбе қаласындағы «Назарбаев зияткерлік мектебі» ААҚ ПШО филиалы тренерлерінің кәсіби байланысын қолдау, білім беру саласындағы инновация саласындағы зерттеушілер мен практиктер арасындағы диалог үшін тұғырнама құруға арналды.

Конференцияға облыс бойынша 206 педагог қатысты. Бұл басқосуда ЖОО мен колледждегі үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесінің дайындау деңгейіндегі мұғалімнің кәсіби даму мәселелері мен келешегі, педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру жүйесіндегі мұғалімнің кәсіби қалыптасуы мен дамуының психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік жағдайлар, білім беру ұйымдарында педагогикалық қоғамдастық желі жағдайында педагогтардың кәсіби шеберлік дағдыларын қалыптастыру және дамыту теориясы мен практикасы, езі білімін жетілдіру қазіргі заманғы педагогтың жеке есуінің кезі ЖОО-ның, колледждің және мектептің оқу үдерісінде «әрекеттегі зерттеулер» бағдарламасын іске асыру тәжірибесі мен теориялық негіздері мәселелері талқыланды.

Конференцияның аясында ҚЖұбанов атындағы АӨМУ түлектерінің еңбек жолындағы қиыншылықтарды жеңу және жетістікке жету жолдарын талқылау мақсатында «Мектептің іс-тәжірибесінде деңгейлі бағдарламалардың негізгі идеяларын іске асыру тәжірибесі» тақырыбында дөңгелек үстел болып өтті.

Өз тілшіміз

ЖАС ҒАЛЫМДАР ЭККУРСИЯСЫ

Жақында университетіміздің ғылыми-инновациялық бағдарламалар және халықаралық ынтымақтастық бөлімі мен жас ғалымдар кеңесінің ұйымдастыруымен жас ізденуші ғалымдарға арналған экскурсиялық шара өткізілді. Ондағы мақсат ғылымға қызығушылық танытып жүрген студенттермен ізденіс жолында жүрген магистранттарға жол көрсетіп, университет ғалымдарының ғылыми-инновациялық жұмыстарының нәтижесін көрсету, ғалымдардың еңбектерімен таныстыруды көздеді.

Аталмыш шараның негізгі бағыты жас ғалымдарды университетіміздің ғылыми институттары, орталықтары мен зертханаларын аралатып, жұмыстарымен таныстырып, жетекшілерімен кездестіріп, кеңейде жүрген сұрақтарын қоюларына мүмкіндік беруге арналды.



Эккурсияға жиналған жастарға алдымен ғылыми-инновациялық бағдарламалар және халықаралық ынтымақтастық бөлімінің басшысы Ақторғын Агисбаева арнайы бағдарламалар арқылы шетелде қалай білім алуға болатынын, оның жолдарын түсіндіріп етті. Экскурсия модераторы филология

факультетінің оқытушысы, жас ғалымдар кеңесінің мүшесі Анар Абдуллина университетіміздегі ғылыми орталықтардың жұмысына кеңінен тоқтала отырып,



жиналғандарды философия ғылымдарының докторы, профессор, қоғам қайраткері Амангелді Айталы басқарып отырған, Білім мен тәрбиенің дүниетанымдық және әлеуметтік мәселелерін зерттеу орталығымен терең таныстыру мақсатында топты зерттеу орталығына апарды. Орталық басшысы, профессор Амангелді Айталы жас ізденушілерді орталық жұмысымен таныстырып, өзінің ғылымға қалай келгенін, өмір жолын қызықты етіп баяндап берді. Жастар ғалымның әңгімесін қызыға тыңдап, сұрақтар қойып, өмірлеріне қажетті көптеген ақпаратты жадына түйді.

Эккурсияны ұйымдастырушылар келесі басқосуда университетіміздегі басқа ғылыми орталықтардың жұмысымен таныстыру жұмыстары жүргізілетінін айтып етті. Жас ғалымдар мұндай шаралардың олар үшін қызықты өрі маңыздылығы зор екенін айта келе, экскурсия жұмыстарына белсене атсалысатындықтарын жеткізді.

Жадыра АРЕН

ДІНИ АХУАЛ ТАЛДАНДЫ

Жуырда университетіміздің экономика және құқық институтында тәжірибедегі заңгерлер мен дінтанушы мамандардың қатысуымен «Ақтебе облысындағы діни ахуалды талдау және діни радикализмнің алдын алу мәселелері» тақырыбында заң пәндер кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі Ләззат Мұрсалованың ұйымдастыруымен студенттерге діни экстремизм, терроризм ұғымдары, секталардың шырғауы туралы түсінік беру және басқа ағымдардағы ұйымдарға еліктеуіне тосқауыл қою мақсатында дөңгелек үстел өткізілді.

Экономика және құқық институты директорының орынбасары, құқық магистрі Нұржан Бердібаев дөңгелек үстелді кіріспе сөзбен ашып, шараны жүргізіп отырды. Басқосуға Ақтебе облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының судьясы Шапағат Әланияз және Ақтебе облыстық діни істер басқармасы «Аңсар» ақпараттық талдау орталығының басшысы Жандаулет Сүлейменов қонақ ретінде шақырылып, тақырып аясындағы ойларын ортаға салды. Шараға сондай-ақ, экономика және құқық институтының аға кураторы А.А. Абуов және оқытушылары Б.Т. Елубаева, Т.Ш. Бисембиев, О.Ш. Адаев, Е.Б. Молдабеков және студенттер қатысты.



Аталмыш тақырыптың бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселелердің бірі екендігі бәрімізге мәлім. Әланияз Әбілғазыұлы студенттерге қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мағлұматтар, мәліметтерге тоқталып, тәжірибелік тұрғыдан мысалдар келтіріп етті. Студенттер қосымша сауалдар қойып, өздеріне қажетті мәліметтер алды. Дөңгелек үстел барысында студенттер өздерін мазалап жүрген дін мәселесіне орай сауалдарына Жандаулет Отарбайұлынан нақты жауаптарын ала алды.

Жиын барысында кітапхана қызметкері Жәния Сұңдетова «Діни ахуал және діни радикализм» атты кітап көрмесін ұйымдастырып, соған орай басылымдарға библиографиялық шолу жасап етті.

Шара соңында «Ұрланған сана» тақырыбында слайд-шоу көрсетілді. Қазіргі таңда жастардың бойына ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениет, салт-дәстүрді сіңіре отырып, экстремистік бағыттағы ұйымдардың ықпалына түсіп көтпеу үшін жан-жақты тәрбие беруде, осындай тәрбиелік шаралардың маңыздылығы зор екені сезісіз.

А.АБУОВ, аға куратор

27 СӘУІР КҮНІ СТУДЕНТТЕР САРАЙЫНДА Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӘНІРЛІК МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «АБАЙТАНУ ӘЛІППЕСІ» ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІНІҢ ТАНЫСТЫРЫЛЫМЫ БОЛЫП ӘТТІ.

«АБАЙТАНУ ӘЛІППЕСІ» ТАНЫСТЫРЫЛЫМЫ



Іс-шараға университет басшылығы, профессор-оқытушылар құрамы, факультет ұжымы, абайтанушы ғалым-әдіскерлер, облыстық білім басқармасы, облыстық ғылыми-әдістемелік орталық өкілдері, қалалық зиялы қауым, мектеп мұғалімдері мен оқушылар, БАҚ қатысты.

Факультет деканы С.С. Мұхтаров кіріспе сөзінде шараның маңызына қысқаша шолу жасады: интеллектуалды интерактивті оқыту технологиялары негізінде дайындалған «Абайтану әліппесі» атты оқу-әдістемелік кешен (авторлары М. Мырзахметұлы, Н.М. Керімбаев, Ш.Б. Абуова) уақыт талабына байланысты шыққан оқулық екендігіне тоқталды. Уақыт бір орында тұрмайды, заман кешінен қалмау мақсатында ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жарлығымен бекітілген ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында белгіленген e-Learning электронды оқыту технологиясын даярлап, енгізуге басты кеңіл бөлінген болатын. Елбасы қабылдаған бағдарламаны қолдау мақсатында, университет ректоры К.К. Кенжебаевтың ұсынысымен шәкірттерді онлайн оқытуға арналған тегін интеллектуалды Stereo 3D- MIOC- School бағдарламасы дүниеге келді.

Студенттердің пайдалануы үшін заман талабына сай «Абайтану әліппесі» электронды оқулығы университетіміздің кітапхана қорына жеткілікті көлемде сатып алынып отыр. Мұның езі оқу орны басшылары ұйғарымымен былтыр ашылған «Абайтану» кабинетіне деген және болашақ мұғалімдерге жаңаша форматта Абай мұраларын кеңінен насихаттау, зердесіне сіңіру жолындағы жанашырлық деп ұғу керек. Оқу кешеннің таныстырылымы мұнымен бітпей, «Абайтану апталығы» аясында филология факультетінде профессор-оқытушылар құрамымен дәрісханаларда кітап негізінде дәрістер өтетіндігін-айтты.

Мұнан кейін сез алған университетіміздің оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Т.Ә. Ботағариев білім саласындағы соңғы өзгерістерге кеңінен тоқтала келіп, Абай мұраларын кеңірек насихаттауға, терең ұғындыру университет басшылығының болашақта да басты назарында болатындығына тоқталып етті.

Мінбеге кетерілген университетіміздегі «Абайтану» кабинетінің меңгерушісі Б.Б. Алиев: «Абайтану әліппесі» оқу-әдістемелік кешені- Жапонияның жаңа технологиясы бойынша «Interaktiv Kazakhstan» компаниясының базасында жасалынып, ҚР Білім және Ғылым министрлігінің сараптамасынан өткендігін, зияткерлік меншік құқығын иемденгенін- айта келіп, кешеннің : «Жақсы бала», «Жақсы ұстаз», «Жақсы ата-ана», «Жақсы құрбы-құрдас» деп аталатын төрт кітаптың әрқайсысына «сөйлейтін» қалам арқылы оқытындығын сахнадағы үлкен экран дыбыс күшейткіш құралдардың көмегімен әдістемелік кешенге кеңінен тоқталды.

Абайтанудың зерттелу дәуірінің үш кезеңі: М. Әуезов кезеңі, М. Әуезовтен кейінгі кезең, бүгінгі Абайтанудың жеткен жетістігіне қысқаша шолу жасады. Кітап авторы М. Мырзахметұлының: «Абайтануды кешегі кеңестік кезқарастан арылып, бүгінгі жаңа тәуелсіз еліміздің нағыз, толық Абайтану қалыптастыруымыз қажет»,- деген сөзін келтіре отырып, бүгінгі кітаптың маңызына кеңірек тоқталды.

Шара соңынан келген қонақтар пікірлерімен белісті. Профессор-оқытушылар Ә.М. Молдаханов, Б.Т. Бораш, ұстаз Қ. Қонтай, Е. Құрманбеков т.б. қонақтар, студенттер ойларын ортаға салды. Әсіресе кеш қонағы Егізбай Сақпановтың «Әлемдік үдеріс және қазіргі білім беру жүйесінің дамуы» ыңғайындағы ой-толғамы ешкімді бей-жай қалдырмады.

Эльвира ЖУМБАЕВА,
«Абайтану» кабинетінің лаборанты



МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР - ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ

Жақында университетіміздің экономика және құқық институтының құқықтану мамандығының 102 топ студенттеріне топ кураторы Рауан Жалтырбаева «Мемлекеттік рәміздер – ұлт мақтанышы» атты ашық кураторлық сағатын өткізді. Сабақ мақсаты- студенттерді аса маңызды мемлекеттік белгілер - рәміздермен жан - жақты таныстыру, ұлттық рәміздердің әрбір белшектіне, халқымыздың өткені мен бүгінгі күндеріне қысқаша шолу жасау, студенттерге мемлекеттік рәміздердің аса маңызды екенін, оны құрметпен мақтан тұту керектігін ұғындыруға арналды.

Сабақ мемлекеттік гимнді шырқаумен басталды. Оның шығу тарихы мен авторлары туралы топ студенті Мадина Есеркенова кеңінен мағлұмат берді. Ал елтаңбаның негізгі белгілері, оның түсі мен авторлары жайында мәліметті топ студенті Жанаргул Халық таныстырып етті. Ал кек туымыздың тарихы мен оның ерекшеліктері туралы Азат Уразалин баяндады. Топ студенті Абылайхан Жолмұханов «Адай» күйін орындап, тыңдарманның кеңілінен шықты. Сабақ соңында «Мемлекеттік рәміздер – елдігіміз бен бірлігіміз» атты танымдық бейнеролик көрсетілді. Сабақ ете әсерлі де қызықты өткізілді.

Мөлдір ТЕМІРБЕК,
құқықтану мамандығының 1 курс студенті



УНИВЕРСИТЕТШІЛІК ӨДІСТЕМЕЛІК СЕМИНАР ӨТТІ

Жақында физика-математика факультетінде информатика теориясы және оқыту технологиясы кафедрасының оқытушыларының ұйымдастыруымен заман талабына сәйкес білім берушілердің кәсіби қызметтеріне білімдік электронды ресурстарды қолдану жолдарын көрсету мақсатында «Білімдік электронды ресурстарды құрудың оңтайлы әдістері және қолданылуы» тақырыбында университетшілік өдістемелік семинар өткізілді.

Семинарды оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор, п.ф.д. профессор Т.Ә. Ботағариев ашып, бүгінгі шараның мәні мен маңызына тоқталды. Білім берудің негізгі мақсаты білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдерімен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Студент тұлғасының дамуына, қабілетінің артуына жаңа технологиялар айтарлықтай ықпал жасайтыны сөзсіз және бұл қазіргі таңдағы білім беру жүйесінің дамуындағы елеулі бағыт. Сондықтан әрбір әдіс-тәсілдің оқытушылар үшін маңызы зор екендігі айтылды.

Семинар барысында аға оқытушы, п.ғ.к. А.М.Байғанова және оқытушы Г.Ж. Тынымқұлова «iSpring Kinetics бағдарламасында оқу курстарын дайындау» тақырыбындағы баяндамасында PowerPoint ортасында электрондық курстар мен тесттер құруға, алдын-ала дайындалған немесе компьютерден дайын аудио, видеофайлды жүктеп, редакторлап, оны барлық слайдтармен және анимациялармен қамтамдастыруға арналған iSpring Suite8 бағдарламасының мүмкіндіктерін жан-жақты көрсетіп, осы ортада құрылған электронды курстармен таныстырды. Аға оқытушы А.А.Жұмағұлова «Ағымдық бақылауға арналған интерактивті тестілеу қосымшаларын құру және қолдану» тақырыбындағы баяндамасында ағымдық бақылау барысында Kahoot онлайн тестін қолдану арқылы студенттердің сабаққа қызығушылығын арттыру, оқытушымен студент арасында байланыс орнату жолдарын көрсетті және семинар барысында Kahoot онлайн тестін қолданып студенттерден тест алынып, нәтижесі мен тиімділігін көрсетті. ЭОО директор орынбасары Т.Т.Жүнісқалиев пен оқытушы Н.Қ.Наурызова «Пән бойынша бейнедерістер дайындау әдістері» тақырыбындағы баяндамасында мультимедиялық интерактивті оқыту курстарын құруға арналған Camtasia Studio бағдарламасының мүмкіндіктерін ашты. «Возможности программы iSpring для создания мультимедийных учебных курсов» тақырыбындағы аға оқытушы А.А.Мусинаның баяндамасында мультимедиялық оқу курстарын құруға арналған iSpring бағдарламасының мүмкіндіктері туралы айтылды. Баяндамада аталған бағдарламаның жеке модульдерінің қолдануы жайында нақты үлгілер презентацияларда бейнеленіп көрсетілді.

Әдістемелік семинар қорытындысында аталған оқыту технологияларының оқу үдерісінің тиімділігін жоғарылатуда практикалық маңыздылығы мен жаңашылдығы аталып өтті. Семинарға қатысушылар семинардан алған әсерлерімен, ойларымен бөлісті, семинар жұмысына оң баға берді.

Жанар УБАЕВА,
факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінің төрайымы



«ҮЗДІК СТАРОСТА – 2016»

Мамыр айының бесінші жұлдызында филология факультетінде 9 мамыр Жеңіс күніне орай студенттермен және жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімінің ұйымдастыруымен «Үздік староста – 2016» байқауы өтті. Байқаудың мақсаты – топ басшыларының жыл бойғы еңбегін қортындылау, студенттердің оқу-білімге және өнерге деген ынталарын арттыру болып табылады.

Сайыс үш кезеңнен тұрды. Алғашқы бөлімде топ басшылары өзін және тобын слайд пен бейнероликтер арқылы көрермендерге таныстырды. Келесі кезеңде старосталар берілген сұрақтарға жауап беру арқылы өз білімдері мен тапқырлықтарын танытты. Соңғы бөлімде қатысушылар өз тобымен бірігіп өнерлерін ортаға салды.

Байқау қорытындысы бойынша қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 101-тобының топбасшысы Орынбасарова Гүлдана жеңімпаз атанып, «Үздік староста – 2016» атағын және арнайы кубокты иеленді. Барлық қатысушылар арнайы номинациямен марапатталып, университет ректоры К.К.Кенжебаевтың алғыс хатына ие болды.

«Үздік староста» байқауы факультет деканы С.С.Мұхтаровтың тарапынан қолдау тауып, дәстүрлі түрде өткізіп тұру жоспарға енгізілді.

Жәнібек БЕЙБІТОВ
Филология факультетінің студенттермен және жастар
ұйымдарымен жұмыс бөлімінің маманы

2016 ЖЫЛҒЫ ҰБТ БОЙЫНША ӨЗГЕРІС...

Әдеттегідей биыл да Ұлттық бірыңғай тестілеу маусым айының 1-ші жұлдызынан 15-ші жұлдызы аралығында өткізіледі. Тестілеуге қатысу үшін өтініштер наурыз айының 10-нан бастап сәуір айының 25-не дейін қабылданды.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен ағымдағы жылы тестілеу қорытындысы бойынша белгіленген төменгі шектік деңгейден өтпеген немесе «қанағаттандырылғысыз» (4 балдан кем) баға алған тұлғалар үшін, тестілеу нәтижелері көрсетілген сертификаттарымен қайта кешенді тестілеуге кіруге рұқсат беру туралы шешім қабылданды.

Бұл ретте аудиторияда тәртіп сақтау ережесін бұзғаны және тестілеу кезінде тыйым салынған заттарды пайдаланғаны үшін тестілеуден етуге рұқсат берілмейді.

Қайта кешенді тестілеу тамыз айының соңында, шетелдік жоғары оқу орындарынан Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына ауысу үшін студенттердің кешенді тестілеумен бірге өткізіледі. Өтініштерді қабылдау мерзімі – тамыз айының бастапқы он күнінде. Өтініштерді қабылдау және тестілеуді өткізу Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бөкітілген ЖОО қабылдау комиссияларымен жүзеге асырылады. Тестілеу ақылы түрде, бөкітілген преysкуртан бағасына сәйкес өткізіледі. (ҚР ЖОО –на түсу үшін өткізілетін тестілеудің бағасы – 2242 теңге)

Қайта кешенді тестілеу 4 пән бойынша, оның 3-і міндетті пән оқыту тілі (мемлекеттік немесе орыс тілі) математика, Қазақстан тарихы және таңдайтын мамандығына байланысты 1 таңдау пәні. Тестілеу уақыты 2 сағат 30 минут. Тестілеудің нәтижелері емтихан материалдарын өңдеу аяқталғаннан кейін тестілеу күні жарияланады. Апелляцияны өткізу рәсімі тестілеудің бұл түрінде қарастырылмаған. Қайта кешенді тестілеудің қорытындысы бойынша белгіленген төменгі шектік деңгейден өткендер, Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының ақылы бөліміне оқуға тапсыруына мүмкіндік алады.

Т.ЖАРҚЫЛОВ,
Ақтөбе қаласындағы «Ұлттық тестілеу орталығының»
№136 филиал жетекшісі

"ЛОМОНОСОВ - 2016" ЖАРЫСЫ

Сәуір айының 15 - 16 аралығында Астана қаласындағы Еуразия Ұлттық Университетінде, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандағы филиалында студенттер, магистранттар және жас оқытушылар арасында "Ломоносов - 2016" халықаралық ғылыми конференциясы өткен болатын.



мақаласын қорғап, арнайы "Ломоносов - 2016" оқулығының XII халықаралық ғылыми конференциясының мақтау қағазымен марапатталды.

Студенттер ғылыми жетекшісі "Филология" факультетінің қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі Г.С.Обаева ұстазына үлкен алғыстарын білдіреді.

Динара КУЖАХМЕТОВА



ШЫНАЙЫ ЖҰЛДЫЗДАРҒА САЯХАТ

Бұлтсыз және айсыз түнде қала жарығынан алыс жерде көз алдымызға аспанның ғаламат керінісі ашылады. Бір қарағанда жұлдыздар шашыранды, ажыратып білу мүмкін емес сияқты көрінеді. Ал мұны көптеген адамдардың білгісі келеді. Жұлдызды аспанды танып-білу қызық әрі пайдалы. Ол ежелден-ақ адамдардың назарын өзіне аударған. Мыңдаған жылдар бұрын адамдар нәғұрлым жарық жұлдыздарды нәше түрлі фигураларға (шоқжұлдыздарға) топтап, оларды ежелгі мифтер мен аңыздардың кейіпкерлерінің есімдерімен, жануарлардың немесе заттардың аттарымен атады. Жұлдыздар дегеніміз не, аспанда қанша жұлдыз бар, олар қалай пайда болған деген сияқты сұрақтардың жауабын, Планетарий деп аталатын көрермен орыннан іздеуге болады. Осы орайда, 12-сәуір Ғарыштар күніне орай Экономика және құқық институтының «Заң пәндері» кафедрасының оқытушылары Р.С.Жалтырбаева және О.Ш.Адаевтың ұйымдастыруымен «Құқықтану» мамандығының Ю-102 және Ю-104 тобының студенттері Ақтөбе облыстық планетарийге саяхатқа барды. Саяхат жұлдызды белмеде видео-дәріс түрінде өте әсерлі ұйымдастырылған. Студенттер жұлдыздардың шығу тарихынан бастап, қазіргі заманғы зерттеулерге дейінгі кең мағлұмат алды. Дәрісте жұлдыздардың пайда болуы туралы деректер, аспан денелері, олардың орналасу тәртіптері, күн мен жердің орналасуы, шоқжұлдыздар, оларды аспандан табу жолдары, олардың атауы мен шығу тарихы және т.б. туралы құнды мағлұматтар алынды. Жұлдыздар әлеміне саяхат шынайы жұлдыздар мен аспан керінісін тамашалауға мүмкіндік берді. Ғарыштар күніне арналған осы саяхаттан студенттер көрермен әсерге ие болып, аспан әлемінің басқа да дәрістеріне тағы да келуге ықылас білдіріп жатты.

Мадина ЕСЕРКЕНОВА,
экономика және құқық институтының
Ю-102 тобының студенті

ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ АЛУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Қарқын алған ғаламдық үдеріс жағдайында жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру елімізді халықаралық деңгейдегі бәсекелестікке сай адам ресурстарымен қамтамасыз ету үшін ұйымдастырылған. Магистратура – көп салалы университет білімінің ажырамас жүйесінің аса бір маңызды, басым сипаттағы буыны болып табылады.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті мамандықтар жіктелісіне сәйкес магистратураның 15 мамандығы бойынша магистерлерді дайындауды жүзеге асырады.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің магистратура мамандықтары:

- 6M051000 -Мемлекеттік және жергілікті басқару
- 6M050600 -Экономика
- 6M050300 -Психология
- 6M020500 -Филология
- 6M020300 -Тарих
- 6M010300 -Педагогика және психология
- 6M051100 -Маркетинг
- 6M060100 -Математика
- 6M060200 -Информатика
- 6M060400 -Физика
- 6M060700 -Биология
- 6M060800 -Экология
- 6M070300 -Ақпараттық жүйе
- 6M011000 -Физика
- 6M010900 -Математика

Сонымен қатар, Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ PhD докторларын дайындаудың оқу бағдарламасы ғылыми-педагогикалық бағытта фундаментальді білімдік, әдіснамалық және зерттеушілік дайындықты, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, ғылыми сала жүйесіндегі тиісті ғылыми бағыттар бойынша пәндерді тереңдетіп оқытуды қарастырады.

PhD докторантура халықаралық талаптар мен Болон үдерісінің принциптеріне сәйкес ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындауды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті 6D060100-Математика мамандығы бойынша лицензияға ие және басқа да сұранысқа ие мамандықтар бойынша PhD докторантурасы ашылу жоспарлануда.

Магистратурада оқу қазақ және орыс тілдерінде екі бағытта жүргізіледі:

- ғылыми-педагогикалық (оқу мерзімі 2 жыл);
- бейіндік (оқу мерзімі 1; 1,5 жыл).

Ғылыми және педагогикалық магистратура терең ғылыми-педагогикалық дайындықты меңгерген жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім мен ғылыми-зерттеу секторларына арналған кадрларды дайындайтын жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламаларын жүзеге асырады.

Ғылыми-педагогикалық бағыттың міндеттері:

- ғылым мен педагогикалық қызметтің таңдалған бағытында терең теориялық және практикалық дайындық;
- қазіргі ғылыми және практикалық мәселелерді шешетін, өрі оны қалыптастыруға қабілетті, азаматтық ұстанымы, кәсіби мәдениеттің жоғары деңгейі, соның ішінде кәсіби қарым-қатынас мәдениеті бар мамандарды даярлау;

• жоғары оқу орындарында дәріс беру, зерттеу және басқару қызметін сәтті жүзеге асыру; жоғары оқу орны педагогикасы мен психологиясы саласында, сондай-ақ жоғары оқу орнында оқыту тәжірибесіне қажетті білім жинақтау.

Бейінді магистратура терең кәсіби дайындықты меңгерген экономика, медицина, құқық, өнер, бизнес және қызмет көрсету салаларының кадрларын дайындайтын жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады. Бейінді магистратураның білім беру бағдарламаларына оқытудың қолданбалы сипаты тән, олар кәсіби мөңджерлерді дайындауды қамтамасыз етуге (басқару қызметінің барлық аспектілері бойынша жалпы бейіннің жетекшілері) және басқару дағдыларын дамытуға бағытталған.

Бейінді бағыттың міндеттері:

- барлық белсенді тіршілік әрекеті бойы өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жетілдіруге, ездiгiнен жаңа білімді шығармашылық меңгеру қабілетін қалыптастыру;
- кәсіби мәдениеттің жоғары деңгейі бар мамандарды даярлау;
- ұйымдастыру дағдыларын үйрену және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу.



ШЕТЕЛДЕРДІҢ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМАН ӨТУ

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтары бойынша университет Ресей, Қытай, Болгария, Венгрия және т.б. елдердің жоғары оқу орындарымен (ЖОО) бірлесіп жұмыс істеуге келісімшартқа отырған.

Келісімшарт аясында магистранттар алыс, жақын шетелдердің басты оқу орындарында жыл сайын қысқа мерзімдік ғылыми тағылымдамадан өтеді.



- 2015-2016 оқу жылында 121 екінші курс магистранттары:
- М.В.Ломоносов атындағы ММУ, Мәскеу қаласы, РФ;
 - А.С.Пушкин атындағы Ленинград Мемлекеттік университетінде, Санкт-Петербург қаласы, РФ.
 - М.Ақмулла атындағы Башкирия мемлекеттік педагогикалық университеті, Уфа қаласы, РФ.
 - Вавилов атындағы Бүкілресейлік өсімдік шаруашылығының институты, Санкт-Петербург қаласы, РФ.
 - Пермь Ұлттық политехникалық зерттеу университеті, Пермь қаласы, РФ.
 - Казань федеральдық университеті, Набержные Челны қаласы, РФ.
 - Орынбор мемлекеттік университеті, Орынбор қаласы, РФ;
 - Технологиялық институт, Пермь қаласы, РФ.
 - Стерлитамак қаласындағы Башкирия мемлекеттік университетінің филиалы, Стерлитамак қаласы, РФ және т.б. білім беру ұйымдарында ғылыми тағылымдамадан өтті.



БІРІККЕН БІЛІМ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚИТУ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті мен Санкт-Петербург қаласындағы Ақпараттық технология, механика және оптика ғылыми зерттеу институтының оқытушылары 6M070300 - «Ақпараттық жүйелер» магистратура мамандығы бойынша бірлескен оқу бағдарламасын жүзеге асырады.



АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ

Магистранттардың ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлығы қазақстандық және шетел ЖОО – мен ынтымақтастық туралы келісім-шарт негізінде жүзеге асырылады.

Өткен оқу жылда 6M050600-Экономика мамандығының магистранты Еркебулан еуропалық жетекші жоғары оқу орындарында, яғни Венгрия елінің Печ университетінде бір семестр бойы білім алды.

Университет магистратурадағы оқу дәрістерін өткізу үшін алыс және жақын шетел жоғары оқу орындарының жетекші ғалымдарын шақырады. Осылайша жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің магистратура және докторантура мамандықтары бойынша Түркия, Украина, Болгар, Венгр, Қытай елдерінің жетекші ғалымдарымен дәрістер және семинар сабақтары жүргізілуде.

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫС

Университеттің ғылыми-зерттеу қызметі - қолданбалы және іргелі зерттеулерді жүргізу арқылы білім мен мәдениетті және қолданбалы ғылымды дамытуға бағытталған. Ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру мен жүргізуді ғылыми орталықтар, лабораториялар мен ғылыми зерттеу институттары жүзеге асырады.

Университеттің ғылыми-зерттеу жұмысы қолданбалы және іргелі зерттеу жұмыстарына негізделген және білім, мәдениет пен ғылымды дамытуға бағытталған.

Ғылыми-зерттеу құрылымдары магистранттардың, докторанттардың және ПОҚ ғылыми-зерттеу қызметіне заманауи жағдайды қамтамасыз ететін Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеттің құрылымдық бөлімі болып табылады.

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ тарапынан теориялық білім алу үшін эксперименталдық базаның болу қажеттілігіне аса назар қойылған, сондықтан да 3 ғылыми-зерттеу орталық, 2 институт, 3 ғылыми зертханалар жұмыс жасайды. Зертханалар заманауи үлгідегі жаңа технологиялармен жабдықталған.



МАГИСТРАНТ-ДОКТОРАНТ ҒЫЛЫМИ - ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ


Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде магистрант-докторант ғылыми – зерттеу жұмысы (МҒЗЖ/ДФЖЗ) оқу үрдісінде мамандарды даярлауда негізгі міндеті болып табылады.

Жоғары білімді мамандарды даярлау, ғылыми дайындық деңгейін көтеру, дарынды жастарды айқындау, магистрант-докторант ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастырудағы және дамыту жүйесінің негізгі мақсаты болып табылады.



Магистранттардың ҒЗЖ нәтижелері семинарларда, конференцияларда апробациядан өтеді, диссертациялық жұмыстары негізінде қорғалады және материалдар жинағында жарық көреді.

Сонымен қатар, МҒЗЖ/ДФЖЗ жүйесі ғылым мен білім берудегі ЖООКББ қызметінің жаңа шарттарына, кепжылдық тәжірибеге, шетел тәжірибесінің интеграциясына, болашақ мамандарды оқытуда әлемдік стандарттардың шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.



ТАРИХШЫЛАР БАС ҚОСТЫ

Университетіміздің тарих факультетінде «Қазақ елінің тәуелсіздік идеясының рухани және тарихи негіздері» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Іс-шараға тарих факультетінің профессор-оқытушылар құрамы, «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» ММ, «Қоғамдық келісім» КММ, ҚХА жанындағы FCT мүшелері және университеттің магистранттары мен бір топ студенттері қатысты. Шараның мақсаты-1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысқа 100 жыл толуына орай азаттық идеясының мәнін зерделеу, оның тәжірибелері мен сабақтарын насихаттау болып табылады.



Жиынды тарих факультетінің деканы, т.г.к. доцент С.А.Есқалиев жүргізіп отырды. Дөңгелек үстел барысында тарих және аймақтану кафедрасының меңгерушісі, т.г.д. профессор Ұ.Ш.Исмагулов «1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің зерттелу мәселелері» тақырыбында, қазақстан тарихы және тарихи пәндер кафедрасының меңгерушісі, т.г.к. доцент Е.К.Медеубаев «Основные этапы дискуссии о восстании в Центральной Азии 1916 г. историографический обзор» тақырыбында, әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының меңгерушісі, ф.г.к. Ұ.Қ.Сәрсембин «Ұлттық сана феномені (Қазақ ұлтының тарихи негізінде)», тарих және аймақтану кафедрасының аға оқытушысы, магистр Б.Б.Байшов «Ұлт-азаттық көтеріліс және Алаш зиялылары» тақырыптарында баяндамалар жасады.

Сонымен қатар, дөңгелек үстелдің жұмысына т.г.д. профессор Р.А.Бекназаров, «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» ММ «Қоғамдық келісім» КММ маманы Т.Сапаров қатысып, өздерінің пікірлерін ортаға салды.

Өз тілшіміз



БІЛІМДІЛЕР САЙЫСТЫ

Жақында экономика және құқық институтында университетіміздің 50-жылдық мерейтойына орай «Экономика және менеджмент» кафедрасының ұйымдастыруымен қала колледждерінің оқушылары арасында «Менеджмент» пәнінен пәндік олимпиада өтті.

Олимпиадаға Экономика және құқық колледжінің Ақтөбе экономика, статистика және информатика колледжінің С.Бейішев атындағы Ақтөбе университетінің колледжінен және көпсалалы «Тарлан» колледжінен командалар қатысты.

Колледж оқушылары жоғары білімдерің топта жұмыс жасай алу қабілеттерің, лидерлік қабілеттерің коммуникативтік дағдыларың көрсетіп, өз оқу орындарының үмітін қорғады.

Олимпиада қорытындысы бойынша жүлделі орын алған командаларға I, II, III дәрежелі дипломдар мен «Жеңіске деген жігерлілік», «Ең үздік капитан» номинациялары бойынша мақтау қағаздары табыс етілді.

«Экономика және менеджмент» кафедрасы



«ӨЗАҒАШЫҢДЫ ОТЫРҒЫЗ!»

Осындай тақырыппен «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Ақтөбе облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігі мен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті кәсіподақ ұйымы бірлесіп акция ұйымдастырды. Акция барысында университет аумағында 100 түп ағаш отырғызылды. Шараның мақсаты – қалалардың көгерішті аймақтарын қалыптастыру, орман байлығын сақтау мен малайту ісіне қоғамдық мүдделілікті дамыту.

Қала тазалығы туралы қағидаға орай қаланы абаттандыру, санитарлық тазарту, тазалау жұмыстарын ұйымдастыру, университет аумағында тазалықты қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды реттеуге және оларды ұйымдастыруға университетіміздің техникалық факультетінің кәсіподақ ұйымының мүшелері белсене атсалысты.

Өз тілшіміз



ТҮЛЕКТЕР ЖӘРМЕҢКЕСІ

«Құқықтану» мамандығының бітіруші курс студенттеріне жыл сайын өткізілетін «Түлектер жәрмеңкесі» биыл да жалғасын тапты. Аталмыш шараның негізгі мақсаты - студенттерді болашақ жұмыстары туралы ақпараттандыру. Шараға әртүрлі құқық қорғау органдарынан және басқа да мемлекеттік басқару органдарының өкілдері келіп, өздерінің қызметтерінің қыр-сырымен таныстырып, сол мемлекеттік қызметке және құқық қорғау органдарына түсу процедурасымен таныстырып, бағыт-бағдар көрсетті.

Аталмыш шараны экономика және құқық институтының директоры, з.г.к. доцент С.М.Кулушев сөз сөйлеп ашты. Шара қонақтары ретінде Ақтөбе облысы Әділет департаментінің персоналмен жұмыс және ішкі қауіпсіздік бөлімінің бас маманы М.С.Сабирова, Ақтөбе облыстық сотының қызметкерлерді басқару бөлімінің бас маманы А.У.Кожина, Ақтөбе облысы бойынша мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының бас маманы Г.Абиева, Ақтөбе облысы ішкі істер департаменті кадр жұмысы басқармасының аға инспекторы полиция подполковнигі Д.Т.Испушинова, Ақтөбе облыстық прокуратурасының кадр басқармасының прокуроры Ж.Р.Айымбаев, М.С.Тажимаева, Ж.А.Абдысамат, Батыс Қазақстан медиация және келіссөздер орталығы директоры А.В.Куртаева және медиатор-психолог Б.К.Уайсова қатысып студенттердің сұрақтарына жауап берді.

Студенттер өздерінің түйіндемелерін келген қонақтарға көрсетіп толық ақпарат алды. Ақтөбе облыстық прокуратурасының кадр басқармасының прокуроры Ж.Р.Айымбаев бітіруші студенттерге арнайы тағы да бір рет кездесу ұйымдастырып, білім үлгерімі жоғары студенттерді конкурс арқылы жұмысқа қабылдайтындығын атап өтті.

Өз тілшіміз



КАДРЫ РЕШАЮТ ВСЁ

В целях трудоустройства выпускников экономических специальностей 23 апреля 2016 года была организована и проведена «Ярмарка вакансий», где студенты выпускного курса казахского и русского отделений приняли активное участие, проходили собеседование с работодателями.

В «Ярмарке вакансий» участвовали более 15 работодателей, в числе которых представители государственных предприятий, банковской и медиа-сфер, крупных частных компаний. В их числе: АО «КаспийБанк», АО «Народный банк», АО ДБ «Сбербанк», АО «ForteBank», Департамент государственных доходов по Актобинской области, Центр занятости г. Актобе, АО «Фридом Финанс», агентство по трудоустройству «Мега-Макс», кадровое агентство «Работа для всех».

К сведению работодателей были подготовлены стенды, которые наглядно отражали квалификационные требования к выпускникам экономических специальностей, их достижения в учебной, научной, воспитательной работе, а также интересные моменты студенческой жизни.

Выпускниками подготовлены портфолио «Портфель делового человека».

В работе круглого стола принимали участие все гости, студенты, преподаватели. Было задано много вопросов со стороны студентов об основных требованиях, предъявляемых работодателями к молодым специалистам, о найме и отборе персонала.

Во время мероприятия работодатели информировали присутствующих студентов 4 курса об имеющихся вакансиях, их должностных обязанностях, требованиях, предъявляемых к претендентам на соответствующую должность, правилах внутреннего распорядка в организации и т.д.

Многие представители работодателей выразили благодарность ректорату, директорату по организации и проведению производственной практики, за знания практикантов, полученные в ходе учебного процесса и внедренные ими в деятельность предприятий и организаций. Так, например, начальник отдела кадров АО ДБ «Сбербанк» С. Я. Жумагулова вручила благодарственное письмо ректорату за отличных студентов Р. Кальменову, Б. Гапуриной, М. Кумисбаевой, Н. Сейилжанову, Р. Темергалиеву за проявленный интерес и ответственный подход к практике и участие в индивидуальном проекте «Взгляд студента на развитие продуктов Сбербанка».

Согласно повестке дня представителями предприятий, а их присутствовало более 15 человек, проводилось собеседование со студентами, в процессе которого выпускники отбирались по разным номинациям: «На заметку», «Собеседование», «Тестирование», «Испытательный срок», «Приглашаем на работу».

По итогам «Ярмарки вакансий» ряд студентов получили приглашения для дальнейших переговоров о трудоустройстве.

В дальнейшем планируется усилить данную работу путем установления тесных контактов с предприятиями, организациями и учреждениями города и области в проведении профессиональной практики, участия опытных специалистов предприятий в учебном процессе вуза, в научно-исследовательской работе, в воспитательных мероприятиях.

А.КУРМАНАЛИНА,
к.э.н., ст. преподаватель кафедры
«Экономика и менеджмент»

ҚИЫЛЫСТА ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІН АРТТЫРУ

Қазіргі кездегі ғылыми зерттеулер менің жүзіндегі тәжірибелер автомобильдердің келеңсіз зардаптарының себебін анықтап, оны жоюға немесе азайту жолдарын бәрінен бұрын қозғалыс қауіпсіздігін арттыру жолдарын белгілеп береді. Сондықтан әрекеттегі кеше-жол торабын тиімді пайдалану қарастырылғаны жөн.


Қалада келік паркі жылдан-жылға есіп келеді, ал кешелердің еткізу қабілеті мұндай қарқындылыққа есептелмеген, сол себепті кейбір кешелерде кептелістер жиі кездеседі. Өртүрлі тәртіптегі қозғалыс, келіктердің бірнеше рет тоқтауы және қиылыстар алдында жиналған автокеліктер қала ауа бассейнінің жанар майдың толық жағылмаған қоспаларымен ластануына жол береді. Келіктер мен жаяу жүргіншілер ағынының есуі жол қозғалысының қауіпсіздігіне де әсер етеді. Барлық жол-келік оқиғалар санының 60 %-ы қалалар мен елді мекендерде болады. Соның 30%-ы қаладағы қиылыстарда болатындығы анықталған.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университетінің техникалық факультеті «Автокелік және жол қозғалысын ұйымдастыру» кафедрасының «Тасымалдауды, жол қозғалысын ұйымдастыру және келікті пайдалану» мамандығының 3 курс студенттері кафедра доценті, техника ғылымдарының кандидаты Сауханов Нұрғазы Серғазыұлы және лаборант Қуантаев Нұржан Алибекұлының басшылығымен сабақта, одан тыс уақытта қаланың кеше-жол торабында болған жол-келік оқиғаларын талдау, жүргізушілер мен жаяу жүргіншілердің қозғалыс қауіпсіздігін арттыру және жол-келік оқиғасы санын азайту мақсатында зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу жұмыстары қиылыстарда, кешелерде, шағын аудандарда жүргізіледі, ондағы мақсат келік, жаяу жүргіншілер ағынының қарқындылығын есептеп, бағдаршамның циклін өзгертуді, жол белгілерін орнатуды, жол таңбаларын салуды ұсыну. Зерттеу жұмыстарында қарқындылықты нақты зерттеуден басқа бейнекамера, фотоаппарат қолданылып, теледидар немесе компьютерде талқыланады.

Осындай зерттеулердің бірі Ә. Молдағұлова даңғылы мен ағайынды Жұбановтар кешесінің қиылысында жүргізілді.

Қиылыс – бір деңгейде қиылыстың ортасынан қашықтау, жүру белігі айналасының басталуын қарама-қарсы сәйкес қосатын жорамалдағы сызықтармен шектелген жолдың қиылысу, жанасу немесе таралу орны (сурет 1).

Сурет 1 Қиылыстың көрінісі




Қаланың Ә. Молдағұлова даңғылы мен ағайынды Жұбановтар кешесінің қиылысында келіктер мен жаяу жүргіншілер ағындарының тәуліктің қарбалас уақытында (часы пик) кептігінен келіктер іркілісі артып жатады.

Осы қиылыстың жан-жағында мекемелер, оқу орындары, қоғамдық келік аялдамалардың орналасуына байланысты жаяу жүргіншілердің жүру белігін кесіп өтуіне тура келеді. Негізінен жаяу жүргінші жолды кесіп өту уақытын азайту үшін тура тікбұрышпен өтуі керек. Қазіргі таңда, аталған қиылыстың Теміржол басқармасы жағында оңға бұрылатын келіктерге арнайы жолақ ашылып қиылыстың



сол бетінде келіктермен қолданылмайтын алаң пайда болды (сурет 1).

Сурет 1 Қиылыстағы пайдаланылмайтын бос алаңның көрінісі.



Негізінен ол жер жүру белігі болып есептелінеді, соған қарамастан жаяу жүргіншілер бағдаршамның рұқсат ету белгісін сол алаңға шығып күтіп тұрады.


1 сұлбада қиылыста қазіргі кезде Әскери ұшқыштыр институты мен Теміржол басқармасы арасын қосатын жаяу жүргіншілер еткілінің орналасуы бейнеленген.

Сұлба 1 Қиылыстағы жаяу жүргіншілер жол таңбасының қазіргі көрінісі.

Егер де жүру белігінің шетіндегі бордюраларды жылжытып жоғарыда айтылған алаңды пайдаланатын болсақ,

1.12 «Тұру сызығы» жол таңбасын және 5.33 «Тоқта» жол белгісін СТ РК 1412-2005 мемлекеттік стандартқа сай орнатып (2 сұлба) 101 атқыштар бригадасы кешесі жағынан келетін автокеліктердің қиылысқа жақындауына және Ә. Молдағұлова даңғылында Университет пен ТЖ басқармасы бағытында жаяу жүргіншілердің жүріп өту уақытын азайтуға мүмкіншілік болады.

Сұлба 2 Қиылыстың ұсынылатын көрінісі.



Ұсынылып отырған шаралар арқылы жол қозғалысын ұйымдастыру талабы бойынша қиылыстың еткізу қабілетін арттыруға және жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болады. Яғни, жол қозғалысын ұйымдастыруда қандай да бір шешім қабылдау алдында осындай зерттеу жұмыстарын жүргізу және оны талдаудың кеп мағынасы бар.

Б.ҚЫЙҒАШЕВА, М.БУКЕШ,
«Тасымалдауды, жол қозғалысын ұйымдастыру және келікті пайдалану» мамандығының 3 курс студенттері



СТУДЕНТТЕРДІҢ ТӘЖІРИБЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІН ТАЛҚЫЛАУ

Қ. Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университетінің Экономика және құқық институтында «Қаржы және есеп» кафедрасының және кафедра әдіскері Кенжебаева Г.Д. ұйымдастыруымен «Экономика мамандықтары бойынша студенттердің практикасын ұйымдастыру әдістемесі» тақырыбында университет деңгейінде ғылыми-әдістемелік семинар өткізілді.

Ғылыми-әдістемелік семинарға университет және институттың профессор-оқытушылар құрамы қатынасты. Семинарды Экономика және құқық институтының директоры Кулушев С.М. ашып берді. Әрі қарай барлық кафедрада тәжірибеге міндетті оқытушылар сез алды: «Экономика және менеджмент» кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.к. Курманалина А.А. - «Организация преддипломной практики студентов экономических специальностей» тақырыпта, «Мемлекеттік және жергілікті басқару» кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.к. Басшиева Ж.Қ. - «Маркетинг мамандығында оқу тәжірибесін ұйымдастыру ерекшеліктері» тақырыбында және осы кафедраның аға оқытушысы Бимбетова Б.С. - «Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығында оқу және ендірістік тәжірибелерін ұйымдастыру ерекшеліктері» тақырыбында, «Қаржы және есеп» кафедрасының аға оқытушысы Ажаипова И.Ш. «Роль производственного обучения в профессиональной подготовке студентов-финансистов» тақырыбында және осы кафедраның оқытушысы Тлеуқабылова К.Б. «Болашақ бухгалтерлердің ендірістік тәжірибеден өту барысында алатын машықтары» атты тақырыпта баяндамаларын ұсынды. Келтірілген баяндамаларда оқу және ендірістік тәжірибеден өту кезінде студенттер қандай қиыншылықтармен кездеседі, институттың тәжірибеден өтетін жерлермен байланыс жасауы, студенттер мен оқытушылардың жетістіктері, оқу тәжірибесіне бөлінетін сағаттың аздығы, маркетингтік зерттеулер жүргізудің практикалық әдіснамасы жан-жақты қамтылған мемлекеттік тілде оқу-әдістемелік құралдардың жеткіліксіздігі туралы сез қозғалды. Осы мәселелерді қорыта келе, баяндама жасаушылар өз ұсыныстарын ортаға салды. Дәлірек айтқанда, мамандықтың ерекшелігін ескере отырып, оқу тәжірибесіне бөлінетін жүктелімді оңтайландыру, оқу тәжірибесінің сапалы ұйымдастырылуын қамтамасыз етуде ендіріс орындарымен байланыс орнату туралы мәселе қозғалды.

Әдістемелік семинарды оқу белімінің әдіскері Усин М.Д. қорытындылады. Ғылыми-әдістемелік семинар жоғары деңгейде өтті.

Г.КЕНЖЕБАЕВА,

«Қаржы және есеп» кафедрасының әдіскері



ПРОЕКТ ПО СОЗДАНИЮ ЭЛЕКТРОННОГО УЧЕБНИКА

В развитии общества значительную роль играют коммуникационные факторы. Прогресс в компьютерных технологиях и средствах телекоммуникации создал принципиально новые возможности для общения между людьми. Внедрение компьютерных технологий дает возможность перехода на качественно иной уровень образования.

зования.

Использование новых образовательных технологий открывает реальные возможности для построения образовательной системы, основанной на принципах открытого информационного пространства. Наиболее перспективным направлением в открытой системе образования являются электронные учебники.

Студенты 1-го курса группы ТТр-1 Муса Талгат и Александр Войка приняли участие в проекте под названием «Создание электронного учебника» с помощью программы Constructor Electronic books 1.1.3 (Конструктор электронных учебников).

Этот проект затрагивает тему «Электронное обучение «E-Learning» по дисциплине «Информатика» и является проектом практического типа. Его длительность составила 2 недели.

Целью данного проекта является создание студентами электронного учебного пособия по дисциплине «Информатика».

Ключевым моментом при выборе программного обеспечения для реализации рассматриваемого электронного учебного пособия явилась распространенность его формата. Наиболее практичными, на наш взгляд, являются программные средства, создающие учебники в формате, в котором работает Интернет, т.е. HTML. Удобство этого формата определено в первую очередь тем, что средства работы с такими учебниками имеются на любом компьютере, смартфоне.

Создание электронного учебника является трудоемким процессом. Обычно его созданием занимается группа специалистов.

Электронный учебник можно назвать самоучителем, т.к. он рассчитан на самостоятельное обучение.

Электронный учебник имеет систему тестирования, что дает возможность студенту проверить, как он усвоил пройденный материал, который был создан студентами с помощью программы VeriTest Professional.

При дистанционном обучении большую часть времени обучаемый занимается самостоятельно, поэтому возникает потребность в использовании электронных учебников. Как мы видим, электронный учебник является основным учебным средством дистанционного образования, основным средством для повышения квалификации и образовательного уровня, получения второго образования, возможности получения диплома престижного университета, колледжа и т.п.

На сегодняшний день дистанционное образование становится все более и более популярным во всем мире. Это требует создания большого количества электронных образовательных средств, в частности, электронных учебников.

Виктор КАЗАГАЧЕВ,

ст. преподаватель кафедры ОТД)

АРДАГЕР ҰСТАЗБЕН КЕЗДЕСТІ

ТАРИХ ФАКУЛЬТЕТІНДЕ ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ 29 СӘУІРІ КҮНІ УНИВЕРСИТЕТІМІЗДІҢ 50 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫ ҚҰРМЕТІНЕ АРНАЛҒАН ФАКУЛЬТЕТ АРДАГЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗІЛДІ.

Аталған кешке факультетіміздің негізін салушылардың бірі, ғылыми-қоғамдық қызметтен әлі күнге дейін қол үзбеген ғалым, қоғам қайраткері, Зәкіратдин Байдосұлы Байдосов шақырылды.

З.Б.Байдосов осы кезеңге дейін Қазақстан тарихының мәселелеріне арналған 29 ғылыми, ғылыми-кепшілік кітаптарын баспадан шығарған. Сонымен бірге, халықаралық, республикалық, облыстық, аудандық баспа беттерінде Зәкіратдин Байдосұлының 240-қа жуық ғылыми, ғылыми-кепшілік мақалалары жарияланды.

Кешті тарих факультетінің деканы, т.ғ.к., доцент С.А.Ескалиев ашып, профессор Зәкіратдин Байдосұлының өмір жолымен таныстырды және факультетке қосқан үлесін атап етті. Кешке тарих факультетінің ұстаздары, т.ғ.д., профессор Р.А.Бекназаров, «Қазақстан тарихы және тарихи пәндер» кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., доцент Е.И.Медеубаев, аға куратор А.Ж.Қалыбаевалар белсенді атсалысты.

Кеш барысында факультетіміздің студенттері профессор З.Байдосовқа ездерін қызықтырған езекті мәселелер бойынша сұрақтарын қойып, оларға тәрбиелік, енегелік маңызы зор жауаптар ала алды.

А.АМАНТАЕВА,
тарих факультеті қызметкері



СӘТІ ТҰСКЕН СҰХБАТ

ЖАҚЫНДА ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІНДЕ АҒА ОҚЫТУШЫ ӘЛИЯ ҰЛЫҚПАНОВАНЫҢ ЖЕТЕКШІЛІК ЕТУІМЕН ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ МАМАНДЫҒЫНЫҢ 301 ТОП СТУДЕНТТЕРІ, РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КІТАПХАНАСЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ, ТЕЛЕЖҮРГІЗУШІ, ДИКТОР ОКСАНА ЛОСКУТОВАМЕН КЕЗДЕСІП, ӘНГІМЕ-ДҮКЕН ҚҰРЫСТЫ.

Оксана Лоскутова университетіміздің филология факультетінде 1999-2003 жылдар аралығында білім алған. Қаламызға Жастар форумына қатысу үшін арнайы келген Оксана ханымды біз де сүйікті факультетіне мейман етіп шақырдық. Уәделі уақытта жеткен қонағымыз студенттермен тез тіл табысып, ашық мінезі арқылы езіне тәнті етті. Бәрінен де ана тілімізде еркін сөйлеп, ашық жарқын ойларын ортаға салғаны кеңілімізден шықты. Оксана ханым осы кезге дейінгі жеткен жетістіктері, оған жету жолында кезіккен қызығы мен қиыншылығы, тіпті өмірінде кейбір сүрінген тұстарын да еш бүкпесіз жасырмай шешіле сөйледі.

Ойыл ауданының перзенті, 11-сыныпты Павлодар қаласындағы №26 орыс орта мектебінен бітіріп келген Оксанаға оқуға түсерде қазақ тілін жетік білмегені біраз қиындықтар туғызады. Дегенмен алған бетінен қайтпайтын қайсар қыз оқуға түсіп, оны төмамдап шығады. Еңбек жолын облысымыздағы «Рика» телеарнасында дикторлық қызметтен бастап, қажыр-қайраты мен алға қойған мақсатына ұмтылушылығының арқасында республикалық Астана телеарнасына шақырту алып, қызметін жалғастырады. Астана арнасында 8 жыл дикторлық қызметінен соң өмірде бір орынға тұрақтап қалмай, алға ұмтылып, кез-келген салада өзін байқап көргісі келетін қасиеті оны Қазақстан Ұлттық арнасындағы жаңалықтар бөлімінің директоры қызметіне дейін кетереді. Бұл қызметті де тиянақты абыроймен орындап, 2012 жылы Н.Назарбаев атындағы орталықтың, қазіргі Тұңғыш президент кітапханасының директоры қызметіне шақырту алады.

«Мемлекетіміз үшін маңызды азаматтық қызметте болғандықтан, қазір бос уақытым мүлде жоқ. Сондықтан, Ақтебем сирек келемін. Осындай форумдар кезінде туған жеріме жол түсіп жатса, сағынышымды басып тұрамын. Өмірде сүріну де, жығылу да болады, бірақ онымен өмір тоқтап қалмайды, тұрып алып өрі қарай қарсы жүруді жалғастыру керек. Тіпті барлық өлем саған қарсы шықса да, алған бетіңнен жаңылыспағаның дұрыс. Туған қаламнан жақындарымнан жырақ Астанаға кеткен кезімде, мен үшін ете қымбат жанның жанында болуы маған өркез демеу болды. Ұлым екеуміз, басымызда баспанамыз жоқ, түн ортасына дейін телеарнада түсірілімде болып ұлымының жанына кеш оралатын мазасыз уақыттың бәрі артта қалды. Шүкір, қазір езім қалаған заттарға жөйлап қол жеткізіп келемін. Адам ретінде езімді өлемде жалғыз ғана қайталанбас тұлға болуға тәрбиеледім. Менің кумирім де, идиалым да жоқ, мен үшін ең маңыздысы езіме езімнің үлгі бола білуім. Мақсатыңа адал еңбек, маңдай термен қол жеткізу арқылы мен өмірде не істедім деп езіңе есеп бергенде, ұялмайтындай еткенің болса, сол сенің адамшылығың», - деген Оксана Лоскутованың әсерлі әңгімесі, жігерлі сөздері жастарға үлкен ой тастады.

Сұхбат соңында факультетіміздің деканы Сабыржан Мұхтаров Оксана ханымға алтын уақытын беліп келіп, студенттерге айтқан терең ойлы әңгімелері үшін алғысын білдірді. Қонағымыздың қарапайымдылығы соншалық, барлық студентпен сан рет жеке-жеке суретке түсіп, ерекше ілтипат көрсетті. Студенттермен мен ұстаздар болып мейманымызды қимастықпен шығарып салдық.

Арайлым НҮРБАЕВА,
филология факультетінің студенті



АКЦИЯ «ЖҮРЕКТЕН - ЖҮРЕККЕ» В АКТОБЕ

Молодёжный совет профсоюз и активисты студенческого профсоюза Актобинского регионального государственного университета имени К.Жубанова в рамках республиканской акции «Жүректен – жүрекке» 22 апреля посетили дом пожилых и инвалидов в городе Актобе.

В мероприятии приняла участие активная молодежь в количестве 70-и студентов. Молодые люди помогли старшему поколению в уборке территории здания, провели профилактические работы по очистке от вредителей деревьев, занимались уборкой террасы. Творческая молодежь, в свою очередь, устроила благотворительный концерт, в котором были исполнены ретро-песни, такие как «Катюша», «Надежда», песни на казахском языке «Ана», «Іздеме», «Адай», «Әл-киса», вальс. В ходе концерта зрители наряду с исполнителями пели песни и танцевали.

По завершении акции жители дома пожилых и инвалидов выразили особую благодарность студентам за теплоту и внимание и пожелали мирного неба.

Динара КУЖАХМЕТОВА

ФАКУЛЬТЕТІШІЛІК «ЖІГІТ СҰЛТАНЫ-2016»



7 мамыр Отан қорғаушылар күніне орай университетіміздің техникалық факультетінің студенттермен және жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімі мен студенттік деканат ұйымының ұйымдастыруымен Студенттер сарайында факультетішілік «Жігіт Сұлтаны-2016» байқауы өтті. Жігіттердің бойындағы білімділікті, спортқа бейімділікті, сөзін қырлы-бір сырлылығын сынау мақсатында ұйымдастырылған бұл байқауға қатысуға бөл бұғандар саны көп болды. Дегенмен олардың ішінен 7 жігіт таңдалынып алынып, байқауда өзара сынға түсті.

Сайыс төрт кезеңнен тұрды. «Таныстыру», «Жігітке жеті өнерде аз» өз өнерін көрсету, «Білімді жүзден озар» - сұрақ-жауап және «Серпіліс жасау» кезеңдерінде сайысшылардың қай-қайсысы да ездерін жаңа қырларынан танытуға тырысты. Байқау қорытындысы бойынша техникалық факультетінің «Жігіт Сұлтаны» - келікті пайдалану және жүк қозғалысының тасымалдауын ұйымдастыру мамандығының студенті Бағлан Ғалымжан атанды. 1 орынды келік, келік техникасы және технологиясы мамандығының студенті Саламат Марат иеленсе, 2 орынды құрылыс мамандығының студенті Нұржан Абенов, 3 орынды келікті пайдалану және жүк қозғалысының тасымалдауын ұйымдастыру мамандығының студенті Амир Жанғиров жеңіп алды. Жеңімпаздар алғыс хаттармен және диплом, ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Д.БАЗАРБАЕВА

ФУТБОЛДАН ТУРНИР ӨТТІ

Жақында университетіміздің 50 жылдығына орай техникалық факультеттің студенттік деканат ұйымының ұйымдастыруымен факультетішілік «TechCup» атты шағын-футболдан турнир өтті. Турнир барысында командалар А тобына (құрамында 6 команда), В тобына (құрамында 5 команда), С тобына (құрамында 5 команда), D тобына (құрамында 7 команда) бөлінді. Ең алғашқы ойын 13 сәуір күні А тобы арасында өтсе, 14 сәуірде В тобы, 19 сәуір С тобы, 20 сәуір D топтары арасында өткізілді. Ойын қызықты өрі тартысты өтті.

Футболдың қорытындысы бойынша 1 орынды шебер ойын керсете білген «Мқ-4» командасы жеңіп алды. 2 орынды «Мқ-301» командасы иеленсе, 3 орынды «Builders» командасы қанжығасына байлады. Жеңімпаз командаларға дипломдар мен ақшалай сыйлықтар берілді. Бірінші орын иеленген командаға «Декан кубогі» табыс етілді.

«TechCup» атты шағын-футбол турнирінің мақсаты студенттерді салауатты өмір салтты ұстануға баулу, спортқа деген қызығушылығын арттыруға арналды.

Данагүл БАЗАРБАЕВА,
техникалық факультетінің студенттермен және жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімінің маманы

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және Ақпарат
Министрлігі Ақпарат және
Мұрағат комитеті
Мерзімді баспасөз басылымдарын
және ақпарат агенттіктерін
есепке алу туралы 2014 жылғы
12 ақпанда тіркеліп
№14155-Г куәлігі берілген

Бас редактор Кужахметова Д.Т.
Газет тілшісі Арен Ж.С.
Газет корреспонденті Бекбағанбетов О.
Газет маманы Жалғасбаева М.Ж.
Газет корректорлары Адилханова С., Трофимова Г.
Фотокорреспондент Арен Ж.С.

Меншік иесі:

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Газет ЖШС «Хабар Сервис»
баспаханасында (Ақтөбе
қаласы, Смағұлов көшесі,
9 «К» басылады.
Тел: 8(7132)545-545, 400-400.

Тапсырыс №65 Таралымы 3000

Біздің мекен-жайымыз:
030000, Ақтөбе қаласы, Ә.
Молдағұлова көшесі 34 ұй. 2-қабат,
200 ° белме. Көлемі 2 баспа табақ.
Газет айына 2 рет шығады.

Газет редакциясына көліп
түскен қолжазбалар мен фото-
суреттер қайтарылмайды.